

Жастар — болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сана
Мудде
Санауын



№9 (57)

31 қазан, 2014 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ



ҰЛЫТАУ ТӨРІНДЕГІ ОЙ ТОЛҒАУ

2
бет

Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп. Дегенмен, Ұлытаудың орны бір басқа. Біздің жастарымыз оны біле бермейді. Біз өз тарихымызды жаңадан игеріп, біліп жатқан елміз. Қазақтың тарихы өте бай. Оны білуіміз керек, қолға алып та жүрміз. Тарих жылы деген жылды жарияладық. Біздің елдігіміз, қазақ жұртының арғы түбі ғұндардан басталады. Ғұндардан кейін Көк түріктерге жалғасады. Одан кейін Алтын Орда орнығады. Сөйтіп, хандық дәуірге ұласып, кейін біртіндеп Тәуелсіздікке келіп тіреледі. Осындай үлкен тарихымыз бар. Жастарымыз мұны білу керек. Біз кеше ғана пайда болған халық емеспіз.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

*Павлодар облысының
әкімі Қанат
Бозымбаев:*
**БІЛІМ — БҮГІНГІ
КҮННІҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ
ТАУАРЫ**



3-бет

Шәкен Айманов:
**МАҒАН ӨНЕРГЕ АЛҒАШ
ЖОЛ АШҚАН ҒАБИТ
МҮСІРЕПОВ БОЛСА,
ӨНЕР ШЫҒЫНА
ЖЕТЕЛЕГЕН МҰХТАР
ӘУЕЗОВ ЕДІ**



4-бет

**АДАМЗАТҚА
ҚАУІП ТӨНДІРГЕН
ӨНЕРТАБЫСТАР**



7-бет

ДҮРБІ

Жастарға арналған «Жұлдыз FM» радиосы хабар тарата бастады

«Жұлдыз FM» жастар радиостанциясы республикалық эфирде хабар тарата бастады, – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Жаңа радионың жиілігінде жастарға арналған қазақ тіліндегі әндер орындалады. «Мұндай идея әріптестерімізбен, музыканттармен әңгімелесу барысында келді. Біз Қазақстанның медиа-кеңістігінде жастарға арналған қазақ радиостанциясының жетіспейтінін түсіндік. Бұл жайт біз үшін нонсенс болып көрінді. Идеяның пайда болған сәтінен оның іске асуына дейін екі жылдай уақыт кетті», – дейді радиостанция директоры Мәдина Әмірбекова.

Танымал композитор Кеңес Дүйсекеев жаңа радиоға өзінің «Сәлем саған, туған ел!» әнін қолдануға келісім берді. Көп жыл бұрын Роза Рымбаева үшін арнайы жазылған шығарма жастар радиосының негізгі музыкалық заставкасына айналды. «Жұлдыз FM» радиосы елдің болашағына қызмет етеді деп ойлаймын. Себебі қай елдің де келешегі – жастар, сондықтан жастар үшін қызмет ететін радионың болашағы да жарқын болады. Қаны қазақ, жаны қазақ, түсінігі терең өнер адамы осы радиоға қызмет етуі керек деп есептеймін», – деді Дүйсекеев.

Радиостанцияға Қазақстан эстрадасы өкілдерінің көбі бірден қолдау білдірді. «Біз радиостанцияда жұмыс істеуге ниет білдірген жастардың көп болғанына қуаныштымыз, олар көп идея әкелді, радионың ашылуына үлестерін қосты», – дейді Әмірбекова.

Жаңа радионың атауына келсек, жобаны жасаушылар оны көп атаудың ішінен таңдап алғанын айтты. «Бұл жұлдыздар туралы радио емес. Біз бұған жастарға бағдар боларлық жол көрсеткіш жұлдыз деген мағына бердік», – деді радио басшысы.

«Жұлдыз FM» тыңдармандарға қазақша сапалы контент ұсынууды, жастардың биік құндылықтарын қалыптастыруды және олардың қомақты ақпарат ағыны арасынан дұрыс бағытты таңдауына көмектесуді көздейді. Жастар радио эфирінен өмірдегі, музыка мен мәдениеттегі ең маңызды, қызықты, қажетті дүниелерді таба алатын болады. «Бүгін Интернет, кітаптар бар. Бірақ бізде оған қол жеткізе бермейтін аймақ жастары бар, ал радио – ең ауқымды аудиторияға арналған ақпарат көзі», – дейді радио басшылары.

«Жұлдыз FM» радиостанциясы 20 қазанда Қазақстанның 18 қаласында техникалық эфирге шықты. Оның ресми түрде іске қосылуы қараша айына жоспарланып отыр.

Tengrinews.kz

ҰЛЫТАУ ЕТЕГІНДЕГІ ОЙ ТОЛҒАУ



2014 жылдың 1 қазан күні С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде жоғары оқу орнының оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған «Ұлытау етегіндегі ой толғау» атты конференция өтті.

Конференцияның пленарлық отырысында С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор Серік Әмірбаев Ұлытау төріндегі Елбасымыздың берген сұхбаты барысында қазақстандықтардың руханиятынан бастап мәдени-тарихи мұраларына дейін Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың назарынан тыс қалмағанын атап өтті. «Қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің идеологиялық іргетасы ұлтымыздың рухани және мәдени мұралары екені анық. Ұлттық құндылықтарымызды сақтау және өскелең ұрпаққа аманат ету біздің кәсіби әрі азаматтық борышымыз. Сондықтан, нақ біздер ата-бабамыздан жеткен рухани мұ-

рамыздың ұрпақтан-ұрпаққа жетуіне жауаптымыз. Бұл жауапкершілікті түсіну, еліміздің өткеніне құрметпен қарау – университет ғалымдарының азаматтық ұстанымы», – деп қадап айтты өз сөзінде Серік Мәуленұлы. Конференция жұмысына құрметті қонақ ретінде «Нұр Отан» ХДП Павлодар қалалық филиалының төрағасының бірінші орынбасары Арман Ешмұратов қатысып, «Заманауи шақыртулар мен қауіпсіздік мәселелері» тақырыбында баяндама оқыды. Сонымен қоса, пленарлық отырыста Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымдары: «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к. Қайрат Батталов «Тарихтың сынынан өткен ұлы құндылықтарымыз», Бизнес және құқық факультетінің деканы, техн.ғ.к. Тахир Эрнзаров, «Қазақ тілі» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор Айман Зейнулина «Мемлекеттік тіл қызметі – мемлекеттілікті нығайту кепілділігі»,

«Философия және әлеуметтік пәндер» кафедрасының меңгерушісі, философ.ғ.к. Гауһар Ахметова «Конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі» тақырыптарында баяндама оқыды.

Конференция жұмысы барысында көпшілік назарына «Жаңа дәуірдің көшбасшысы» көрмесі ұсынылды.



«Философия және әлеуметтік пәндер» кафедрасының меңгерушісі, философ.ғ.к. Гауһар Ахметова «Конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісі» тақырыптарында баяндама оқыды.

Конференция жұмысы барысында көпшілік назарына «Жаңа дәуірдің көшбасшысы» көрмесі ұсынылды.

ШАРА

БІЛІМ – ҒЫЛЫМ – ӨНДІРІС

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «VI Ш. Шөкин оқулары» халықаралық ғылыми-техникалық конференциясы өтті. Конференция жұмысында қазақстандық және шетелдік ғалымдар энергетика және энергоүнемдеу салалары бойынша үздік жобалары мен жұмыстарын ұсынды.

Марковский. Аталмыш жұмыс конференция қатысушылары арасында зор ықыласпен қабылданды. Ғалым баяндама соңында көптің көкейіндегі сұрақтарды жауапсыз қалдырмады.

Сондай-ақ шара барысында маңызды тақырыптарды өзек еткен баяндамалар да оқылды. Пленарлық отырыста техн.ғ.д., профессор, Омбы мемлекеттік техникалық университетінің «Теориялық және жалпы электротехника» кафедрасының меңгерушісі Константин Никитин, техн.ғ.к., Қарағанды мемлекеттік индустриалды университетінің доценті Артем Гурушкин, техн.ғ.к., доцент, С.Торайғыров атындағы ПМУ «Электрэнергетика» кафедрасының меңгерушісі Вадим Марковский, техн.ғ.к., С.Торайғыров атындағы ПМУ доценті Евгений Приходько энергетика саласындағы өзекті мәселелерді қозғаған баяндамаларын ұсынды.

Конференцияға құрметті қонақ ретінде Энергоүнемдеу институтының басшысы Ержан Темірханов, «ҚазАзияЭкспо» ЖШС басшысы Сергей Литвинов, қалалық электр жүйелері кәсіпорының бас инженері Сергей Кирилленко, қалалық тұрғын үй электр жүйелері кәсіпорының бас инженері Павел Морозов, «Қазақстан Алюминий» АҚ бас энергетигі Игорь Малышев шақырылды.

Өздеріңіз байқағандай конференцияға студенттермен қатар, белгілі ғалымдар мен өнеркәсіп өкілдері қатысуда. Біз ғылыми жетістіктеріге білім мен өндіріс орындарында өмір сыйлап жүрміз. Бұл жұмыстар біздің ғалымдар, докторанттар мен магистранттардың еншісіндегі іс болатыны мәлім. Сондықтан осы сынды конференция біздің энергетикалық факультет үшін, жалпы еліміз үшін өте қажет кездесу, – деді энергетикалық факультет деканы, техн.ғ.к., профессор Александр Кислов.

Секциялар арасындағы үзілісте конференция қонақтары мен қатысушылары «Академик Ш.Шөкин – Қазақстан энергетикасының негізін қалаушы» кітап көрмесімен танысып шықты. Көрнекті қазақ энергетигі, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Қазақ энергетика ғылыми-зерттеу институтының негізін салушы әрі тұңғыш басшысы Шапық Шөкиннің құрметіне орай С.Торайғыров атындағы ПМУ дерісханасының біріне есімі берілді. Ал Павлодар қаласының орталық көшелерінің бірі белгілі ғалым есімімен аталады.



Конференция ұйымдастырушыларының бірі профессор Александр Кислов Шапық Шөкиннің ғұмырлық баянынан қызықты мағлұматтар берді.

– Жалпы Шапық Шөкиннің өмірі бүгінгі энергетика саласының мамандарына өнеге. Ал бүгінгі жастарымыз – өте дарынды, шығармашыл және ғылымға құштар жандар. Ғылыми әлеуеті жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатырнан Қазақстанды көргісі келген студенттер арман, күш және білім қанатында мұраттары мен идеяларын жүзеге асырады деген сенімдемін, – деп жастарға зор сенімін білдіріп, қортындылады конференция жұмысын Александр Кислов.

Сөз түйін. 2017 жылы Астана қаласында өтетін ЕХРО-2017 халықаралық көрмесінің тақырыбына «Болашақ энергиясы» арқау болуда. «Болашақ энергиясы» тақырыбы жер жаһанда зор маңызға ие болып отыр. ЕХРО сияқты халықаралық көрмелерге қатысу қай елдің болса да әлеуетін дүниежүзіне паш етуге берілген тамаша мүмкіндік деуге болады. Сондықтан осы уақыттары еліміздің энергия және энергия үнемдеуді зерттеп жүрген ғалымдары үшін үлкен сынақ күтіп тұрғаны да белгілі.

«БІЛІМ - БҮГІНГІ КҮННІҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ТАУАРЫ»

Павлодар облысы әкімі Қанат Бозымбаев студенттерге осылай деді



2014 жылдың 13 қазан күні С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде Павлодар облысының әкімі Қанат Бозымбаев «Павлодар облысының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы» тақырыбында ашық дәріс оқыды.

Ашық дәріске С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Инновациялық Еуразия университеті, Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институтының студенттері, Павлодар өңірінің жастар және қоғамдық ұйымдары төрағалары, Павлодар облысы Жас ғалымдар Кеңесі және Жас мемлекеттік қызметкерлер Кеңесінің өкілдері қатысты.

Павлодар облысының әкімі Қанат Бозымбаев өңір келешегінің дамуына қатысты түйткілді мәселелерді қозғап, жиылғандарды облыстың өркендеу жолындағы көптеген салалардың жоспарларына қанық етті. Мұнымен қоса, ел өткеніне саяхат жасап, бүгінгі күннің жетістіктеріне жетелейтін қадамдарды түсіндіріп берді. Облыс басшысы студенттік жастармен кездесу барысында жастарға келелі кеңес беріп, болашақ мамандардың өзекті сұрақтарына жауап берді. «Біздің өңіріміздің еңбек нарығы үшін химиялық және тау-кен салалары мамандықтары сұранысқа ие. Сондықтан мамандық таңдауда әрбір болашақ маман өзіндік сараптама жасауы қажет. Бүгінгі жастар өмір толқынымен жүре беруден аулақ болып, білімі арқылы қоғамға пайдасын тигізіп, белсенді өмір сүргені абзал. Өйткені бүгінде білім – ең маңызды тауар», – деп жастарға тұщымды кеңестер берді облыс әкімі.

Жиылған көпшілік алдында С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры, э.ғ.д., профессор Серік Өмірбаев ертеңгі күнгі қоғамның төл өкілі және жаңа Қазақстанды қалыптастыратын бүгінгі өскелең ұрпақ екенін атап өтті. «Сіздер, бүгінгі жастар – еліміздің зияткер ұрпағы әрі ертеңгі ғылыми әлеуетісіздер. Ғылымдағы түбегейлі өзгерістер кезеңі сіздердің ұрпаққа тиесілі болатынына сенімдімін. Таяудағы онжылдықта барша адамзатты таңқалдыратын коперниктер мен эйнштейндер шығатыны даусыз», – деп ескерді Серік Мәуленұлы.

Сондай-ақ, дәріске Павлодар облысы әкімінің орынбасары Арын Орсариев, әлеуметтік және экономикалық сауалдар бойынша Павлодар облысы әкімінің орынбасары Ғани Сәдібеков, Павлодар қаласы әкімі Болат Бақауов, Павлодар облысы әкімі аппаратының жетекшісі Расул Оразғұлов және тағы басқалары қатысты.

Дәріс соңында облыс басшысы

Қанат Алдабергенұлынан Павлодар өңірінің студенттік жастары мен белсенділері өздерін маза-лап жүрген сауалдарына нақты жауап алды. Студенттер жолақы, экология, Павлодар облысы әкімі стипендиясы, әкім қызметінің кемшіліктері мен артықшылығы, өңірдің мақсат-аяндарына сай сан алуан сұрақтар қойды.

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық бағыттары

Павлодар облысының әкімі Қанат Бозымбаев облыстың студенттік жастарына оқыған дәрісінде өңіріміздің келешегіне бағытталған әлеуметтік-экономикалық стратегиясының бағыттарын ха-



бардар етті. Дәріскер Ертістің Павлодар өңірінің әлеуеті мен тәуекелін саралай отырып, болашаққа нақты бағыттарды айқындап берді. Халықаралық мамандар 2025 жылға арналған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиясын дайындауда. Айтулы құжат бес бағыттан тұрады.

Бірінші бағыт – облыстың индустриялық-инновациялық дамуы. Павлодар облысы еліміздің индустриялық аймағы саналғандықтан бұл бағыт экономикалық стратегияның басты қадамы болды. Сол себепті де химиялық, металлургиялық салаларды дамыту бірінші кезекте тұр.

Ал С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті аймағымыздың химия, металлургия салаларын дамытуға зор үлесін қоспақ. Облыстың ин-

дустриялық-инновациялық дамуы тікелей жаңашыл, білікті де білгір мамандардың қолында. Аймағымыздың өнеркәсіптеріне қажетті білікті кәсіп иелерін дайындау ісінде университет қосарлы білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда. Бағдарлама бойынша студент білімін тек жоғары оқу орнында ғана емес, өнеркәсіп цехтарында тәжірибие жүзінде білім алу арқылы кәсібін шыңдайды. Бұл жүйе бүгінгі күні табысты нәтиже беруде.

Екінші бағыт – агроөнеркәсіптік кешенді дамыту. Қанат Бозымбаевтың айтуынша бұл саланы дамыту үшін еңбек өнімділігін арттыруға мән беру керектігін айтты. Облыста ірі қара мал өсіру кәсібін өркендетіп, ет өнімдерінің сапасы мен санын арттыру да сөз болды дәрісте. Баянауыл, Железин, Май аудандарында ірі қара мал өсіруді қолға алынатынынан да хабар болды жастар.

Егін шаруашылығының өнімділігін өсіру үшін ылғал сақтау технологияларын қолдануға ден қойылады. Облыс мамандары Ертіс өзені мен Сәтбаев атындағы

телуіне 2015 жылы қазынадан қаржы бөлінбек. Сондай-ақ, жаһанға танымал құс өткелінде аспан асты музей жасауда жоспарда екен.

Төртінші бағыт – инфрақұрылымды дамыту. Бұл бағытты іске асыру мақсатында келешекте талай шаруаның басы қайырылатын түрі бара. Бірінші кезекте облыс, аудан, қалалар аралық жолдар ретке келтіріліп, транзиттік магистральдарға қосылу мақсаты тұр. Мұнымен қоса облыс басшысы су көлігі қатынасын дамытудың тиімділігі туралы сөз қозғап, келешекте ресейлік мамандармен бірлесіп, Ертіс өзені бойынша жүк

муы күн өскен сайын артатын болады. Осыдан білікті мамандарға деген қажеттілік те өсетін болады. Бүгінгі өзінде аймақ кәсіпорындары білікті инженерлер, металлургия, энергетика, химия, тау-кен сала мамандары, геодезистер, электрғаз дәнекерлеушілері сынды мамандардан мұқтаждық көруде. Болашақта С.Торайғыров атындағы ПМУ дайындаған бүгінгі күн сұранысына сай заманауи мамандар жерде қалмайтыны анық.

Павлодар мемлекеттік университеті жаңа заман талабына сай мамандықтардың алуан түрін ұсынып келеді. Мәселен білім орда-



Ақпарат көзі

С.Торайғыров атындағы ПМУ 66 бакалавриат, 47 магистратура, 5 докторантура мамандықтары бойынша мамандарды дайындайды.

С.Торайғыров атындағы ПМУ 19 және 16 оқу бағдарламаларына сәйкес қосарлы әрі көптілді білім беру бағдарламалары бойынша білім береді. 2014 жылдың өзінде академиялық ұтқырлық бағдарламасы шеңберінде 75 студент, 70 магистрант шетелде білім алып келді. Ал шетелдік дәріскерлерді университетке шақырту бағдарламасы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттеріне ғылыми жұмыстармен айналысуға, әлемнің алдыңғы қатарлы ғалымдарының ғылыми жобаларымен, зерттеу жұмыстарының тың бағыттарымен танысу мүмкіндігіне жол ашады.

тасымалын қолға алынатындығын мәлімдеді.

Бесінші бағыт облыс тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға бағытталып отыр. Құжаттың бұл бағыты негізгі білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салалары бойынша дамытуды мұрат етеді. Осы салалардағы кемшіліктерді есепке ала отырып, нақты қадамдар жасалады деді Қанат Алдабергенұлы.

Павлодар облысының әлеуметтік-экономикалық стратегиясы айқындалған бұл құжаттағы белгіленген бағыттар өңіріміздің дамуына серпін берері сөзсіз. Құжаттың бес бағыты бойынша атқарылатын мақсатты қадамдарға С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті де өз үлесін қосары хақ.

Бір сөзбен айтқанда облыстың индустриялық-инновациялық да-

сы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан үдемелі индустриялық-инновациялық бағдарламасының жобаларына енгізілген.

– Аймақтың индустриялық-инновациялық дамуы мұнай-химия, энергетика, машинажасау, металлургия салаларының өркендеуіне даңғыл салады. Сол себепті С.Торайғыров атындағы ПМУ өлі де бұл бағыттарды дамытатын болады, – деп мәлім етті өз сөзінде С.Торайғыров атындағы ПМУ ректоры Серік Өмірбаев.

Дәрістен өңір студенттері пайдаға асар ақпарат алды. Өйткені аталмыш Стратегия индустриялық-инновациялық дамудан өзге білім беру, денсаулық сақтау, агроөнеркәсіптік кешен және кәсіпкерлік бағыттарын қамтыды.

Павлодар облысының әкімі Қанат Бозымбаевтың ашық дәрісін тыңдаушылар зор ықыласпен қабылдады. Аталмыш дәріс білім мен ғылымды тоғыстыра білген бастамашыл студенттердің өз Отанының дамуына серпін беретін жаңа жобалармен айналысуға жол ашатынына сенімдіміз.

Жанар ЕЛЕШОВА

Мереке АМАНТАЙ, С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті:

– Павлодар облысы әкімі Қанат Бозымбаевтың бүгінгі ашық дәрісінен өңірімізге қатысты керек мағлұматқа қанықтық. Одан өзге облыс басшысының өзінен өмірлік және кәсіби кеңестер алдық. Кез келген болашақ

маман өзінің кәсіби жолын бастар алдында өзі тұратын аймақтың, елдің келешегіне көз жүгірткені абзал. Өйткені ел стратегиясына қарай кәсіби өмірінің жоспарын құру ел үшін де, әр маман үшін де өте тиімді.

Назгүл РАБИЛОВА, С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті:

– Дәріс танымды да қызықты өтті. Облысымыздың келешектегі мақсат-мұраттарын айқын білу жастарға өте қажет. Өйткені қолдарына диплом алғалы жатқан болашақ маман өзін қай салада, қай кәсіпорында жұмыс жасайтынын бүгін анық білгені жөн.

Осылайша болашағы айқын, жоспары бағыты нақты маманның өңір экономикасына тигізер пайдасы да өлшеусіз болады. Өз басым дәрістен ақпарат алдым. Енді Қанат Алдабергенұлы берген кеңестерді өмірімде жаратамын деп ойлаймын.

ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖАНАР

Қазақ кино өнерінің іргесін салып кеткен Шәкен Аймановтың кіндік қаны тамып, асыр салып балалық дәурен құрған туған жері – Баянауылдағы Торайғыр көлінің жағасы. Қасиетті топырақ қазақ ғылымына, мәдениетіне, өнеріне талантты азаматтарды аямай-ақ берген-ді. Қазақ маңдайына біткен асыл тұлғаларды тудырған киелі мекеннің нендей сыры бар десеңші?!

1914 жылы ақпанның 15 жұлдызында Кенжетай шаңырағында дүниеге келген нәрестеге Шахкәрім есімін азан шақырып қояды. Кенжетай сауатты, өнерге жақын, қашанда қолынан домбырасы түспей, ән мен күйге жаны құштар жан еді. Ол саят-

өнерін көпшілікке паш етуге асығып, осыдан ләззат алып, жан рахатына бөленетіндей.

ӨНЕРІНЕ ЖОЛ АШҚАН
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ

Шәкенді ағасы Қажымұрат 1924 жылы Семейге оқуға алып кетеді. Өзі мұғалім болғандықтан, Шәкенді де мұғалім болсын деп алғашында Казкоммунаға, кейіннен Халық ағарту институтына түсірген. Осы институтта оқып жүрген кезінде Шәкеннің қолынан домбыра мен мандолин түспей, неше түрлі көркемөнер үйірмелеріне қатысып жүреді.

Ал Шәкен Аймановтың үлкен өнерге жолын ашқан қазақтың белгілі жазушысы Ғабит Мүсірепов. 1933 жылы Семейге Алматы қаласындағы Қазақ драма театрына дарынды жастарды

шығарады. Ол театр сахнасында қайталанбас бейнелерімен тарих беттерінен өшпестей орын алды. Шәкен Ақан сері, Қобыланды, Қодар, Керім, Алдар көсе, Исатай, Кассио және Отелло болып көрерменнің ықыласына бөленеді. Англиядағы Эвон жағасындағы Статфорд қаласында Отеллоны ойнайтын актерлердің дүниежүзілік фестивалінде дүниенің шартарабынан жиылған актерлер арасынан оза шауып, бас жүлдемен оралды.

Шәкен қазақ театрында 40-тан астам жаңа бейне жасап, 15-тей спектакль қояды. 1947 – 1952 жылдар аралығында театрдың бас режиссері болып қызмет етеді. «Мылтықты адам», «Таланттар мен табынушылар», «Намыс соты», «Абай», «Ақан сері – Ақтоқты» спектакльдерін

бері киноға ғашық болып, кино өнерінің қыр-сырын танып-білуге құштарлана түседі. Кейін «Райхан», «Ақ гүл», «Абай әндері», «Алтын мүйіз» кинолары арқылы кәсіби шеберлігімен танылып қалған оны «Жамбыл» фильмінің режиссері Эфим Дзиган басты рөлді Жамбылдың өзін ойнауға бекітеді. Шәкен осы фильмге түскенде 38 жаста еді. Ұлы ақынның 19 жастан 99 жасқа дейінгі бүкіл ғұмырын бастан-аяқ шебер ойнап шығады. Осы Жамбыл бейнесін сомдағаннан кейін әйгілі режиссер Сергей Бондарчук «Правда» газетінде, Польшаның сыншысы Ирена Мерц «Трибуна Люду» газетінде, «Шәкен Айманов сомдаған Жамбыл бей-



Өнер үшін мұған жан

Шәкен Айманов театрға, киноға режиссер және актер ретінде өз биігін бағындырған, өмірлік қамалын тұрғызған тұлға. Сол уақыттағы қазақтың жас кино өнеріне жолбасшылық жасады.

Ұлттық кино саласының дамуына зор еңбек еткен дарын иесінің мына жалған дүниеге келгеніне бір ғасыр болыпты. Қазақстанның халық әртісі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Шәкен Айманов өзінің жарты ғасырлық ғұмырында ғасырларға татитын дүниелерді атқарып кетті.

қою арқылы театр режиссурасының қыр-сырына қанықты. Ал «Абай» спектаклін қойғаны үшін Шәкен Аймановқа 1952 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығы

несінен тірі адамды, тірі ақынды көзге елестеткендей болдық» – деп аса зор баға берді.

1953-1970 жылдары Шәкен Айманов «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарған тұста, қазақ кино өнері шарықтай түсті. 1958-1970 жылдары Айманов Қазақстан Кинематографистер одағын ұйымдастыруға қатысып,

сыйлығы берілді. Кино туынды жоғары бағаланып, бүкілодақтық экранға көрсетілімге шығады. Мәскеу, Ленинград қалаларында кино зор ықыласпен қабылданып, тіпті шетел көрермендеріне де жол тартады. Өкініштісі ұлы режиссердің бұл сәттерді көруін тағдыр жазбапты.

1953 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін қазақ кино өнері саласында өнімді еңбек етеді. Жұрттың сондағы: «Киноға неге ауыстыңыз, драма театрынан неге кетіп қалдыңыз?» – деген сұрақтарына Шәкен Кенжетайұлы кезінде: «Жасырмаймын, театрды бір уақытта көп болса, мың, мың жарым кісі көреді. Ал киноны пәлен миллион халық көре алады. Кино өнерінің осы мүмкіндігін пайдаланып көрсем деген мақсатым бар», – деп жауап берген екен. Ол кино арқылы миллиондаған көрерменнің жүрегіне ұлттық болмысы мен мәдениетімен талай өзекті ойларды салуды мақсат етеді. Өйткені, кино саласын дамытудың маңыздылығын бір кісідей біліп, кино кез келген мемлекеттің төлқұжаты екенін ол жақсы түсінді. Дарынды режиссер ел мәдениетін, өнерін өркендету мәселесінің болашақта кино өнерімен байланысты болатынын сол уақыттың өзінде терең түсінген.

Ұлы Шәкен Айманов 1970 жылдың 24 желтоқсанда Мәскеу қаласында жол апатынан мезгілсіз қазаға ұшырады.

Түйін. «Қазақ киносының атасы» атанған Шәкен Айманов көзі тірісінде Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясы бойынша көркем туынды түсіруді армандапты. Өкінішке орай арманын жүзеге асыра алмай кетті. Өйткені оның көздегені қазақтың зор тұлғалары арқылы қазақ мәдениетін жаһан жұртына таныстыру еді. Сондықтан оның қолынан шыққан қай кино туындысынан болсын қазақтың болмысы аңқып тұрды.

Айдана СИҚЫМ



шылық құрып, ит жүгіртіп, аңшылыққа шыққанды сүйді. Балалары Әбдікәрім, Шахкәрім, Әбдірахымның бойларына да қазақтың бай қазыналы өнері мен игі жақсылығын, өр мінезді тектілігін сіңіріп өсірді. «Әкеміз Сұлтанмахмұт Торайғыровпен бірге жүрген, жанындай жақсы көрген інісі болған. Біз Сұлтанмахмұттың жазғандарының көбісін жатқа айтып, тым болмағанда біріміздің сондай болуымызды арман ететінбіз. Әкеміз Кенжетай өзінің шамасына қарай, шағын ғана тенор дауысына лайықтап, әнді сызылтып әдемі айтады. Қолымызға домбыра ұстатып, өнерге баулып ән үйретті, тапқақ оқытты. Сөйтіп, әкеміздің жолын қуып, ағайынды үшеуіміз де домбыра тартып, ән салатын болдық», – деп еске алады баспасөздің біріне берген сұхбатында баласы Кәукен Кенжетайұлы.

Өнерлі де өнегелі әке тәрбиесін алған ағайындылар домбыра шертіп, әнді серік етеді. Мұнымен қоса, Шәкен балалық шағында әйгілі өнші, қазақтың ән мұраларын насихаттаушы Қали Байжановтың өнерімен сусындап өседі. Әсіресе үш ағайынды арасынан бәрінен бұрын өнерді өміріне бойтұмар еткісі келген Шахкәрім еді. Өнерді жаны сүйген ол ауыл-аймақтағы ойын-сауық, той-томалақта жан-тәнімен әуелетіп ән айтып, жиылғандардың көңілін аулап бағатын. Осылайша ол тұла бойынан ағылып жатқан шабытты

іріктеу мақсатымен Ғабит Мүсірепов келеді. Сол жолы Шәкен Айманов «Зорлық» спектаклінде өнер көрсетеді. Мүсірепов Шәкеннің актерлік шеберлігіне ризашылық танытып, Қазақ драма театрына қызметке шақырады. Содан институттың 3 курсынан тастап, Алматыға жол тартады.

Сөйтіп ол өзінің жүрек түкпіріндегі арманына жетіп, Алматыдағы Қазақ драма театрында актер ретінде қызмет етеді. Шәкен жалғыз өртістер қауымы емес, жазушылар арасында да қадірлі азамат бола білді. «Маған өнерге алғаш жол ашқан Ғабит Мүсірепов болса, өнер шыңына жетелеген Мұхтар Әуезов еді», – дейді бір сөзінде ол.

Шәкен Айманов тума талант иесі еді. Өйткені ол өнер үшін туған ғұлама әртіс. Дарынды актер қай образды сомдайтын болса да бар болмысымен шын беріліп, актерлік шеберліктің шыңынан бір-ақ шығатын. Шәкенді кәсібінің шыңына жетелейтін де оның осы бір тума дарыны екені хақ. Оны Семейде оқып жүрген жерінен қазақ драма театрына шақыруына себепшісі болған да осы ешкімге ұқсамайтын дара дарыны болатын.

ТЕАТР – МЕНІҢ АКТЕРЛІК
МЕКТЕБІМ

Шәкен Айманов театрда күн өткен сайын өзінің актерлік кәсібін ұштап, көптеген әсерлі сахналық образдарды жасап



беріледі. Оның суреткерлігі, актерлік шеберлігінің әр қилылығы, жан-жақтылығы оны жаңашыл бастамаларға жетелейтін еді. «Мен драма театрынан ешқашан ұмытқан емеспін, ұмытпаймын да. Осы күніме жеткізген де – осы театр. Театр – менің актерлік мектебім», – деп айтқан сөзі өткен күннің ғибраты мен болашақтың жаңашыл көзқарасын үйлестіре алғандығынан туындаса керек.

КИНО – МЕМЛЕКЕТТІҢ
ТӨЛ ҚҰЖАТЫ

Шәкен Айманов өнердегі жаңашылдықты пайдаланып, қазақтың біртуар тұлғаларының кино кейіпкерлерін жасайды. Енді ол кино саласына бел бұра бастайды. Шәкен Айманов 1938 жылы қазақ өмірін алғаш жария еткен «Амангелді» киносында эпизодтық ролмен танылады. Ол содан

одақ басқармасының бірінші хатшысы қызметін атқарды.

Шәкен Аймановтың режиссерлік жетекшілігімен «Махаббат туралы аңыз», «Алдар көсе», «Атамекен», «Найзатас баурайында» фильмдері дүниеге келеді. Тәжірибелі, көркемдік шеберлігі шыңдалған Шәкен Айманов қазақ кино өнерінің өрісін кеңейтті. «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», «Атаманның ақыры» режиссерлік еңбектері бүгінгі күнге дейін қазақ киносының мақтанышы әрі қайталанбас классикалық туындылары болып қала бермек.

Оның соңғы қойған «Атаманның ақыры» фильмі Шәкен Аймановтың шоқтығы биік туындысына айналды. 1970 жылы «Атаманның ақыры» фильмі үшін Қазақ КСР Мемлекеттік

КЕРУЕН ДҮНИЕ - ҚАРТТЫҚҚА ЖЕТКІЗЕР ЛЕЗДЕ

Бұл дүние бір керуен сарай-ды,
Кететіндер түсіп содан тарайды.
Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде,
Келіп түскен тізбек соған қарайды

Ахмет Игүнеки

Қариялар – арамызда жүрген әрбір оныншы азамат. Қариялар – қырық, отыз, жиырма, он жылдан кейін қария болатын әрқайсымыз. Қариялар – біздің әжелеріміз, аталарымыз, әкеміз бен шешеміз, ағаларымыз бен апайларымыз.

Қарттық – қариялардың күн өткен сайын күш-қайраты әлсіреп, дәрменсіздікке берілетін шағы. Қарттықпен қатар ауру-сырқау, әлсіздік, тәуелділік, кейде жалғыздық бірге келеді. Алайда олар өмірінің басындағыдай сәбилік шақтарын, мектеп табалдырығын аттап, арман қуып, ғашық болып, биік мұраттарды бағындыруға асық болғандарын кеше болғандай естеріне түсіреді, әлі бәрі алда деп ойлаған кездерін сағына ойына алады.

Қарттар – кешегі жалын атқан қайрат-жігері тасыған жастар. Қазақ жеріндегі бүгінгінің бәрі, елдігімізден бастап, күнделікті тіршілігімізді қоршаған игіліктердің барлығы дерлігі сол ардақты жандардың еңбегінің жемісі. Бүгінгі ұрпақ та солардың кіндігінен туылғандар. Қарттық – көргенін тоқып, білгенін елеп, өмірлік танымын талқыға салатын кез. Бабалар мұра еткен құндылықтарды аялап, өскелең ұрпаққа аманатты табыстайтын уақыт. Қарттықтың табалдырығын аттап, көрегендік пен даналықтың жолына ене беретін, ешкіммен санаспайтын уақыт-ай, десеңші.

БЕЙНЕТТІҢ ЗЕЙНЕТІ

1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас ассамблеясы 1 қазанды Халықаралық қарттар күні деп жария етті. Бұл күн мереке ретінде бекітілмес бұрын Еуропада, АҚШ-та ғана тойлайтын болса, ал 1990 жылдары қарияларды құттықтауға бүкіл әлем жұрты қосылды.

«Қарттық» сөзіне нақты анықтама беруге болмайды, өйткені әр қоғамда бұл сөздің мағынасы мәдениетіне, ұлттық болмысына қарай әртүрлі сипатталады. Көптеген мемлекеттерде қарттықты өмір сүрген ғұмырына қарай өлшейді. Батыста «үшінші жас» деген ұғым бар. «Үшінші жас» адамның зейнетке шығуымен басталады. Бұл жылдары батыстық қарт адамдар бар уақытын өздеріне арнайтын көрінеді. Көрмелер мен концерттерге барады, саяхатқа шығып, өзіне ұнайтын қызығушылығымен айналысады. Бұл кезеңде олардың белсенділігі артып, көптен бері кейінге қалдырып келген бастамалары мен жобаларын жүзеге асырады. Ал қазақстандық қарттар зейнетке шыққаннан кейінгі ғұмырын кімге арнайды, немен айналысады? Қарттарын



асыл қазынаға балаған қазақтың қарттары бүгінде не күй кешуде? Жан-жағымыздағы қарияларға көз салсақ осы сұрақтарға да жауап табармыз.

Қазақстандық қарттар бейнетінің зейнетін бірі отбасының ортасында, бірі жалғыздықта, бірі еңбек етіп, енді бірі қарттар үйінде бірі шаттықта, бірі жабырқау, бірі қамсыз, бірі панасыз өмір кешіп келеді. Дегенмен олардың көп жылғы бейнетінің қайырымы қамсыз зейнетпен өтер мезгілі бейқам өтсе игі болар еді. Қазақстан Республикасының Конституциясында ақ самайлы жандардың жалпы азаматтық және арнайы құқықтары мен мүдделері, оның ішінде жасы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру кепілдіктері бекітілген.

Қариялардың қамсыз қарттығын қамтамасыз ету мақсатында оларды әлеуметтік қорғау қажет. Яғни, қарияларды қаржылай қолдаудың басты жолы зейнетақымен қамтамасыз ету болып табылады.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына сай ерлерге арналған зейнеткерлік жас 63 жастан, әйелдер үшін – 2018 жылға дейін 58 жастан басталады. Осы Заңының 11-бабына сәйкес 2018 жылдан бастап әйелдердің зейнеткерлік жасы 2027 жылға дейін жарты жыл сайын 63 жасқа жеткенше көтерілетін болады. Сондай-ақ, еліміздің Еңбек заңнамасы зейнеткерлік жасқа жеткен және бұдан әрі азаматтық қызметші ретінде жұмысын жалғастыруға ниетті қызметкермен еңбек шартын ұзартуға құқық береді.

ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

БҰҰ есебінше 1950 жылы жанда 60 жастан асқан 205 миллион адам болса, 2010 жылы жер бетінде 1 миллиард 100 миллион, ал 2050 жылы 2 миллиардқа жуық болады деген болжам жасауда. Ғалымдардың

есебінше жаһан қарттары 2000-2050 жылдары 11 пайыздан 22 пайызға дейін өсетін көрінеді. Бүгінгі таңда елімізде 65 жастан асқандар халықтың 7,5 пайызын құраса, ал 2030 жылы 11,5 пайызын құрайтын болады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жіктеуіне сәйкес, қарттарға 60 пен 74 жас, көрі адамдарға 75-89 жас аралығындағылар, ал ұзақ ғұмыр жасаушыларға жасы 90-нан асқандар кіреді делінген. Қазақстан Республикасында осы жастағы адамдардың өмір сүру сапасын арттырамыз деген ниеті мемлекеттік бағдарламаларда көрініс тапқан. Оларға медициналық көмек көрсетуді жақсарту үшін республикада геронтологиялық көмек жүйесін құрылуы туралы «Саламатты Қазақстан» бағдарламасында да қарастырылған. Алайда, қарттарға арналған бұл жүйенің жұмысы оң өзгерістер әкеліп жатқаны шамалы. Әлі де емханаларда қарияларымыз ұзын сонар кезек күтіп, әуре-сарсаңға түсіп жүргені.

Қарттар сыйлы елде халықтың бірлігі берік, саналылығы жоғары, адамдығы зор болады. Қарттардың хал-ақуалы бүкіл елдің тыныс-тіршілігін айна қатесіз бейнелейді дейді. Ақ самайлы жандардың жай-күйі – мемлекеттің бүгінгі жағдайы. Қарттарымызға қамқорлық жасау арқылы біз жарқын келешегімізге жол салатынымызды ұмытпасақ болғаны.

ҚАРТАЮ - АБЫРОЙ

Адамның қартаюы табиғаттың заңы. Медицина мамандарының айтуынша қартаю ағза мен ой сезімнің дамуы, жетілу үдерісі тоқырап, белсенділік мүмкіншілігі мен қарқынының үдемелі төмендеуі. Ел аузында бұл жасқа: «Ат мініп, атан жетелеп, келмейді, сіре, көрілік. Күтпейді оны көпшілік, сағынып не тарығып» деп сипат береді. Көнекөз қариялар «абыроймен қартайғанын берсін» деген сөзін жиі естіп өстік. Алғашында естіген жан ол сөздің

шын мәніне беріле қоймайды. Өз басынан өткерген адам бір кездері естіген сөздің мәйегіне өз уақытында жетеді. Қазақ үшін қартаю – абырой. Сол шақтың абыроймен өткенін кез келген қазақ қариясы мұрат етеді. Олар үшін отбасы ортасында, бағып-қаққан ұлдары мен қыздарының, немерелері мен шөберелерінің, құдалары мен ағайындарының арасында маңғаздана отыру, жақындарының ыстық ықыластары мен қамқорлықтарын сезіну, ешнәрседен мұқтаждық көрмей, ауыл-аймақтың үлкендері мен жастарының сәлемі мен арнайы сыбағасын қабылдау, ақ батасын беріп, үлкенді-кішілі арасында сыйлы болу зор ғанибет.

Қартаюдың қазақи пайымы – пәлсапалық та, психологиялық тұрғыдан үйлесім тапқан өлшем. Өйткені қария үшін өзіндік төрінен түспей, сыйын қаштырмай, әдемі қартаю өнеге. Өкінішке орай сол бір адам көзі көрмес ұлағатты тағылымнан бүгінгі күні біртіндеп айырылып бара жатқандаймыз. Қарияның ұлық жасын құрметтеу, ғұмырлық тәлімін сыйлап, өткеннің сынығы деп қадірлеу сынды ұлттық ұғымды бүгінгі ұрпаққа сіңіру бізге парыз.

ҚАРТТАР ҮЙІНДЕГІ ҚАРИЯНЫҢ ТІПЕГІ

Оны ұмытты, одан сырт айналды, оны жоққа балады, оған деген қызығушылық жоғалды, оны адам қатарына қосудан қалды...

Қарттың тілегі – ел амандығы, жұрт тыныштығы. Бұл күндері уайымы сырлас, сыйлас қатарының сиреп, жаны өткен күнді аңсап, достары мен жақындарын, анасы мен әкесін, ата-әжелерін сағынып, жалғыздыққа бой ұратын болған. Балаша махаббатқа, қамқорлыққа, жақынының аялы алақанына мұқтаж болып қалатыны да бар. Сол себепті, өзі әке-шеше бола тұра бір кездердегідей анасы мен әкесінің қорғауын аңсайды. Міне, содан бүгінгі қасында қалған балалары мен немерелерінен сол аялауды

күтеді, жастық дәуренінде ұрпағына бере алмаған уақыттарын бекерге өткен уақытқа санап отыр, кезінде қолдау танытпағаны үшін өзегі өртенеді. Тұла бойын өкініштің мұңы жеп бара жатыр. Артынан ерген тұяқтарынан кешірім мен түсінік күтеді.

Өмір деген қатігез ау шамасы. Күнделікті сепкен дәннің жемісін қайратың кеткенде ғана орып алатыны өкінішті. Ата-анасын кешіре алмаған жүректер ертең өздері сол орға түсетінін білмейді-ау шамасы. Қарттар үйінің белең алуына себептің бірі осы шығар деп топшыладым.

ҚАРТТАР ҮЙІ БОЛМЫСЫМЫЗҒА ЖАТ


Бүгінде қарттар үйі – жасы ұлғайып, қараусыз қалған қарттарды әлеуметтік қорғау нысандарының бірі болып табылатын мемлекеттік мекеме. Бұрынғы КСРО-да қарттар үйі XX ғасырдың 50-60 жылдарында құрылып, әлеуметі төмен, еңбекке жарамсыз, азаматтардың тұрмыс деңгейін қолдау мақсатымен жұмыс бастаған-ды. Бұл үрдістің пайда болуы жақсы бейілден туындаса керек. Алайда қазіргі таңда қазақты болмысымызға жат қарттар үйі бүгінгі күні қазақ қарияларының шаңырағына айналууда. Тегі мықты қазақтар заңғар тауға балаған әкелерін, жұмақ кілтін аяғына салып берген аналарын қартайған шағында жалғыз басты еткендеріне не себеп? Оған кінәлі өркениетті қоғам ба, алпауыт заман ба? Кім білсін?! Бір кездері шығыстықтар үшін масқара саналған қадамдар бүгінде батыстықтардың қалыпты мәдениетінің көрінісі. Шындығы сол қарттар үйіндегі қазақ қарияларының саны күн санап артып келеді. Бұл бағаналы бері ұлық жасты құрметтеу, үлкенді қадірлеу тағылымымыздың қандай деңгейде екенінің көрсеткіші болса керек.

Мәселен, Түркияда қарттар үйлері жоқтың қасы. Онда ата-анаға қамқорлық танытпау ардың ісі. Ғалымдар жасаған статистикалық мәліметтердің нәтижесі бойынша Қытайда сауалнамаға қатысқандардың 80 пайызы ата-аналарын қарттар үйіне тапсыруды жат қылық санап, өздерін қарттар үйіне балалары тастайтын болса, күйзеліске түсетінін айтқан. Ал, Германия, АҚШ, Нидерландия, Австралия сынды дамыған елдерде сауалнамаға қатысушылар әкешелерін қарттар үйіне тапсыруды қариялардың денсаулығымен айналысудың кәсіби жағдайы жасалғандығы мен ата-анасына қарауға балаларының қолының тимейтіндігін алға тартты. Ал шығыстықтар ардың ісі есептейтін жолды батыстықтар ата-аналарын кәсіби бағып-қағатындарға табыстау деп санайды екен.

Түйін. Уақыт зымырап, зулап өтуде. Өмірдің керуен көші жастарға жол ашып, қарттарды құрметтеумен шартарапты кезіп тоқтаусыз ілгерілей бермек.

Жанар ЕЛЕШОВА

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ ЕКЕН



«Жыр мұнайса, мен де бірге мұнайдым,

Өлең – аққу, ал қараңғы түн-айдын», деп бастайды бір өлеңін жас ақын. Жырмен мұңайып, жырмен шаттанған ол талайлардың жан сарайын тербетіп үлгерді. Бүгінде өңірімізге танымал жас ақын қыз Назерке Семейдің нәзік сезімге толы өлеңдерін жыр сүйер қауым жоғары бағалайды.

мет-пен қараймын!

– Кейінгі толқынын өзің сүйіп оқитын ақындар кімдер?

– Танакөз Толқынқызы, Құралай Омар әпкелеріміздің өлеңдерін ерекше сүйіспеншілікпен оқимын, жаттап жүремін. Олардың өлеңдері мен өз туындыларым арасынан тақырыптық үйлесім байқаймын.

– Құдіретті күш «махаббатты» жырламаған ақын жоқ шығар. Махаббат ессіздікке жол ашады

Шын сүйгенің бақытқа толы ошағы Қорқамын, жүрегіме ұялаған Махаббаттың болмай ма деп болашағы, – деп жырлаған екенсің, сол сезімнің түбіне жету мүмкін бе?

– Шынымен, махаббат тақырыбы қашанда өзекті. Махаббаттай ұлы сезімге арналған өлеңдерді қай ақынның шығармашылығынан болмасын табуға болады. Махаббаттың түбіне жету – мүмкін емес! Тек адамға ғана емес, Аллаға, отбасыңа, достарыңа, жақындарыңа, еліңе деген махаббат ұғымдарының бар екенін ескерсек, ол сезімнің шексіз екеніне көз жеткізе аламыз.

– Өлеңдеріңді «жаман, жақсы» деп бөлген кезің болды ма?

– Болды. Кей өлеңдердің тілі ұнама-са, екінші біреулерінің тақырыбы ұнамай жатады. Жаңа шыққан туындыны әрине, бірден сынап алмаймын. Уақыт өте келе «Мына өлеңнің мазмұны нашар», «Мына өлеңдегі ұйқас мықты емес екен» деген ойлар туындап жатады. Мұндай жағдайда бұл кемшіліктерді жоюға тырысамын.

– Өнге сөз жазады екенсің, осы туралы айта отырсаң.

– Иә. Шыны керек, өнге сөз жазамын деп ешқашан ойламаппын, ол жай ғана «орындалмас арман» сияқты көрінетін. Армандар орындалады екен. Өнге сөзді алғаш осыдан тура бір жыл бұрын жазыппын. Аты елімізге жайылған Мейрамбек Бесбаев ағамыздың шәкірті Райым Уайыс, Музарт тобының мүшесі Ерлан Құлахмет, еліміздің жас әнші-сазгері Ерхан Алданазаров пен бетке ұстар жас актер ағамыз Елдар Отарбаевтың орындауларындағы әндердің сөзін жазу маған бұйырыпты. Оған қоса өлкеміздің керемет әнші қызы, ерекше дауыс иесі Әсел Құлжановамен де шығармашылық байланыстамыз. Осы күнге дейін жазған әндердің бірқатарына жақын арада жаңа туындылар да қосылып қалар.

– Ақындықтан басқа қандай қырларың бар?

– Әр қазақтың баласы өнерлі ғой, тек сол өнерді уақытылы аша білсек болғаны. Өз басым өлең ғана емес, әңгімелер, публицистикалық және ғылыми мақала жазумен айналысамын. Оған қоса аздап ән де орындайтыным бар. Болашақта актерлік қабілетімді ұшта-сам ба деген ойым бар.

– Өмірде достарың көп пе?

– Достарым жоқ. Қазір қасымда жүр-

ген адамдардың бәрі маған туғанымдай болып кеткен. Мен ағам-әпкем деп үлгі алатын, «бауырым», «сіңлім» деп жақсы көретін жандарымның барына қуанамын.

– Қандай кітаптарды оқығанды жақсы көресің?

– Көбінесе шетел әдебиетін оқимын. Әсіресе, орыс, түрік, ағылшын авторларының шығармаларымен қазақ ақын-жазушыларының туындыларын салыстырып оқығанды ұнатамын.

– Сүйіп оқитын жазушың және соңғы оқыған кітабың?

– Сүйіп оқитын жазушыларым Мұхтар Әуезов пен Сәкен Жүнісов. Шетел жазушыларынан Эрнест Хемингуэй мен Пауло Коэльоны сүйіп оқимын. Соңғы оқыған кітабым Роллан Сейсенбаевтың «Бегство» атты кітабы.

– Бүгінгі қазақтың жасы қандай болу керек деп ойлайсың?

– «Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда, Үлкен бақыт табу үшін ғаламда, Үлкен болып қалу үшін ғаламда, Үлкен арман керек екен адамға» демекші,

қазіргі қазақ жасы ең алдымен армандай білу керек. Арманына қол жеткізу үшін алдына зор мақсат қоя білу керек! Үнемі ізденісте жүріп, мақсатын орындауда алдына жан салмайтын болса және «үлкен арманын» еліміздің болашағымен байланыстырса, одан артық не керек?!

– Мағыналы да қызықты сұхбат бергеніңе көп рахмет. Қаламың үшқыр болсын, шығармашылық табыс тілеймін, жаңа туындыларың туа берсін!

– Әмин, рахмет!

Сұхбаттасқан Амангүл ТИЛЕЙ

Менің сені сағынып

Менің сені сағынып,
Сенің мені ұмытқаның белгілі.
Бүгін кешкен сағынышым –
сағыныштың сеңгірі.
Нәсер көрген от сезімің неге
өшті ертерек,
Таусылды ма дегбірі?

Көрініп ед біздерге
Тым жақын боп қос жүректің
арасы.

Сенікі – бір, менікі –
бір жыр жүректің дарасы.
Көзден кетіп қалсаң дағы,
өшпей жатсың көңілден,
Шын ғашықтың шамасы.

Бір тіл қатшы сағынып,
Адастыршы мен бейбақты
есінен.

Ажыратшы, үзіп алшы
жалғыздықтың көшінен.
Жалған үміт, жалған сезім,
естімісің барлығын...
...Барлығын да кешірем!

Қайда екенсің, бақытым?
Қайда жүрсің, амансың ба,
білмедім...
Өмірімнің жыр есігін аштың,
бірақ кірмедің...

Мен ұсынған төрді елемей,
артық көрдің бір жанның
Жүректегі дүрмегін...

Оқырмысың, білмеймін...
Саған жазған кезекті
өлең-хатымды...
Естірмісің кеше өзің жақын
көрген жат үнді?!
Жұдырықтай менің бейбақ
жүрегіме не дейсің,
Өшірмеген атыңды?!

Кешермісің, кеш десем...
Келермісің жүрек сені
шақырса?

Жан арайым болармысың,
мұнарланып таң тұрса?
Құшағыңды ашып қарсы
аласың ба бұл жаным
Саған қарай талпынса?!

Жетім сұрақ барлығы...
Жауабы жоқ бірінің де
бүгінде...

Үзіп алмақ менде ой жоқ
үмітімнің түгін де...
Сен аман бол, мен де аман
болайыншы, бәрібір
Бір боламыз түбінде!

Жыр мұнайса, мен де бірге мұнайдым

Жыр мұнайса, мен де бірге мұнайдым
Өлең – аққу, ал қараңғы түн-айдын.
Сен туралы жазбағалы, жарығым...
Көрініпті аппақ жүзі бір айдың...
Ойламаймын десем дағы ойдасың
Енді тағы сағынышқа құлаймын...

Сағыныш бұл махаббатқа сай ұғым
Сағынамын – осы ма еді айбым?!
Есіп келем жалғыз сезім ескегін
Кешіп келем сенсіз өмір – Жайығын...
Ренжімеймін, жағада тұр, мен мінген
Болашақтың күтіп алсаң қайығын...

Ұшып кетті маңдайымнан бақ тағы
Бақытыма мендік сезім жақпады.
Сен – суретші, қылқаламың қолыңда
Шимайладың жүректегі тақтаның...
Соның бәрін өзің келіп өшірер
Атар ма екен өмірімнің ақ таңы?!

Бір қинайық деді ме екен екеуін?!
Оңайлықпен татпаспын бақ шекерін
Жүректегі сезімнің білмеймін
Қаншалықты құр-бос, жалған, бекерін...
Бақытыңа жету үшін бір күні
Білем үміт үзбеу керек екенін...

Санап қалдым бақытымның бақырын,
Ал үнсіздік қиратты үміт шатырын.
Күнде көрем мен өзінді түсімде
Ал өнімде арамызда шақырым...
Сенен көзді алмау үшін ешқашан
Кетсем бе екен мәңгі ұйқыға ақырын...

Мен – Алланың құлымын, атым – Адам

Мен – Алланың құлымын, атым – адам.
Адамдықтың түсініксіз заты маған.
Құнды қағаз билеген бұл заманда
Не қалды ақша-алтынға сатылмаған?

Біреулер жүр айфон үшін бүйрек сатып,
Сүрінгенге күледі күйреп жатып...
Ойланбаймыз имансыздық түйреуішін
Ет жүрекке мәңгіге түйреп жатып.

Көрсөқырлар «шүберекті» әйел дейді.
Ал әйелдер «ақ-пәктігін» дәлелдейді.
Қыз қырғынның неліктен бас ауруын
Ақша менен көйлектер, сән емдейді?!

Тәннен бұрын жанымыз қалжырайды.
Жұтып жатыр мәні жоқ ән-жыр айды.
Осы неге кір қағаздың кесірінен
Некедегі жұп арасы ажырайды?!

Көрмей өтіп туысты көшедегі
Киіледі үстіңе өр шинелі.
Адамдардың абыройы осы неге
Иман емес, қалтасымен өлшенеді?!

Ол болмаса, соңыңнан жан ермейді.
Мұңды жанды досың емес, ән тербейді...
Құрығыр бір теңгесі жетпей тұрса
Дүкендегі «апайың» нан бермейді...

Шірітуде ақша атомы қанымызды,
Сатамыз-ау шайтанға жанымызды...
Көбейтуге асығамыз сауапты емес
Есеп шотта жиналған «санымызды»...

«Имансыздық» дертіне шалдыққасын
Талайлар жүр сүйреп мисыз қалдық басын.
Жаны менен тілі жоқ «асыл» қағаз
Санасы бар біз бен сізден артық па шын?!

АДАМЗАТҚА ҚАУІП ТӨНДІРГЕН ӨНЕРТАБЫСТАР

Ғалам өте жылдам қарыштап дамып келеді. Әр жиырма жыл сайын жаңа технологиялық дәуір орнауда. Компьютер, ғаламтор, ұялы телефон қызметтері жыл санап өсіп келеді. Алайда осы өнертабыстардың өмір қажеттіліктеріне жауап бергенімен, барлығы да адам өміріне пайдалы бола бермейтін көрінеді. Тіпті өте зиян деп айтсақ та қателеспейміз.

Химиялық және биологиялық қару

Ойланып қарасақ, қаруды ойлап тапқан адамның о бастағы мақсат-мұраты оң болғаны рас. Өткен дәуірлердегі бабаларымызды садағы мен айбалтасыз, найзасы мен шоқпарсыз елестету мүмкін емес. Олардың азығы да тыныш өмірі де осы қарудың арқасында берекелі де бейбіт болғаны белгілі. Бүгінде өркениет дамып, адамдар өздерін «өркениеттіміз,



мәдениеттіміз» деп асқақтайды. Өз-өзіне сенімді де заңғар адам бірін-бірі жою үшін нелер сұмдыққа барып, жантүршігерлік өнертабыстар ойлап тауып келеді. Соның бірі – химиялық қару. Алғаш рет адамдар химиялық қаруды бірінші дүниежүзілік соғыста пайдасына асырған. Немістер осы соғыста газбен улау әдісін жиі қолданыпты. Осы сынды улы қарудың түрлері бүгінгі бейбіт заманда да көп елдердің қолдарында жарақтаулы.

Ал биологиялық қаруға келер болсақ, оның тарихы ертеректе жатыр. 1763 жылы америкалық үндістерді әдейілеп шешек ауруымен жұқтырып, қырғынға ұшыратқан деген тарихи мәлімет бар. Ендігі тарихи деректерге сүйенсек, жапондықтардың Монғолия мен Қытайды жаулауға талпынған уақыттары қолданған тәжірибелерін айтуға болады. Тәжірибе барысында адамдарды обамен улаған. Биологиялық қаруды қолдану турасында осы екі оқиғадан басқа ресми дерек жоқ. Алайда биологиялық қаруды қолданылған теракттар болып тұрған. Әлі де көбінің есінде болар 2001 жылы АҚШ-та бірнеше мекен-жайға сібір жарасы жұқтырылған хаттар жолданған. Ол хаттарды кейбір БАҚ кеңестері мен екі демократ-сенаторлар алып, нәтижесінде 5 адам дүниеден озды, ал 17 адам науқасқа шалдықты. Биологиялық қарулар бойынша халықаралық конвенция 1972 жылы бұл қауіпті де қорқынышты қаруды кез келген салада қолдануға қатаң тыйым салған. Ғылым күнделікті даму үстінде. Әр бір бес жылда адам өміріне өлім құштыратын биологиялық қару түрі пайда болуда. Соңғы онжылдықта биологиялық қарудың тізімі өте сирек кездесетін ажалды жұқпалы дерттер түрімен күн санап толығып келеді. Тіпті санап та, еске сақтап та үлгермейсің.

Атомдық қару

Атомды зерттеу XIX ғасырдың соңында басталды. Беккерель уранның радиоактивтілігін, Резерфорд альфа және бета



сәулелерін ашады. Адамзат изотоптардың көп түрін біле бастады. Резерфорд пен Содди екеуі бірлесе радиоактивті ыдыраудың заңын көпке жария етеді. Дегенмен, атомды басқаруға, адамзат үшін пайдасына қызмет етуге әлі де бірнеше онжылдықтар қажет еді.

1938 жылы әлем мәңгіге өзгерді. Міне осы тұстан бастап физика «қайырымды» және «зұлым» болып екіге жарылады. Біріншісі – адамға энергия қуатын берсе, екіншісі – қырып-жойғыш бомбаны береді. Алғаш зерттеулер 1945 жылы өткен. Ядролық тәжірибелі сынақтарды Күншығыс елінің бейбіт халықтарына жасалды. Адамды адам аяусыз ажалға құшу оқиғасы жаһанға Нагасаки мен Хиросима қалаларын әйгілі етті.

Ядролық күш күннен күнге қуаттай берді, ал халықаралық қатынастар шиеленіскен үстіне шиелінісе берді. Содан бері әлем қаншама рет ядролық соғыстың дәл алдында тұрды, ядролық зымарандар атқалы тұрды. Ядролық қарулар әлі де қынабын ажалға толтырып адам өмірін жалмауға дайын тұр.

Полиэтилен

Бұл материалды 1899 жылы Ганс фон Пехман ойлап тапқан. Полиэтиленге екінші рет өмір сыйлаған Эрик Фосет пен Реджинальд Гибсон. Алғашында бұл өнертабысты телефон кабельдерін орауға арналған еді. 1950 жылдан бері ғана затты орауға арналған материал ретінде қолданыла бастады.



Бір қарағанда полиэтиленді кәдеге жарату ядролық қарудың қасында түкке тұрғысыз болып көрінеді. Әлбетте полиэтилен ядролық қару сияқты жерді жылдамдырақ құртып жіберсе алмас. Дегенмен, қолданылған полиэтиленді пайдаға жаратудың жолдарын қарастырмаса, планетамызды қоқысқа орап жіберуі әбден мүмкін. Ғалымдардың есептеуінше жер жаһан бойынша бір жылда 4 трлн. полиэтиленді пакеттер қолданылатын көрінеді. Бұл адамдардан шығатын күл-қоқыстың 9 пайызы. Оларды өртеуге болмайды, өйткені одан атмосфераға шығаратын зиянды заттар химиялық қарудан кем болмайды. Өрттеу кезінде полиэтиленнен шығатын 800 микрограмм диоксиннен 80 кг салмақты ер азамат бірден өлім құшады. Полиэтилен қалдықтарын көмуге де болмайды. Олар жерге ыдырамай, мыңжылдықтар бойы жерде қала береді.

Жыл сайын осы полиэтилендердің кесірінен теңіз бен мұхиттарды мекендеушілердің 100 мыңға жуығы өледі. Полиэтилен табиғатқа сіңбей, экологиялық теңгерімді бұзып келеді.

Көптеген дамыған елдердің дүкендерінде полиэтилен қабының орнына қағаз қап беру үрдісі пайда болуда. Мәселе біреу-ақ – зиянды заттарды алмастыратын материалдар қымбат. Мәселен, Израил, Ирландия мен Латвия мемлекеттерінде полиэтилен қаптарына арнайы салық жүреді.

Адам өміріне қауіпті дәрі-дәрмектер

Алғашында дәрілерді ойлап тапқан адамның жүрегінде ізгі мұрат болғаны шын. Әсіресе психологиялық ауруларға дерт болады деп ойлап табылған дәрілер бүгінде адамды үлкен тәуелділікке әкеліп отыр. Соның бірі – құрамында d-лизергинді қышқылы бар дәрмектер (ЛСД). 1938 жылы швейцарлық ғалым Альберт Хоффман кездейсоқ ойлап тапқан. Тәжірибие барысында оның терісі арқылы бұл дәрі сіңіп, ол «психоделикалық әсерге» ұшырайды. Үш күннен кейін ғалым бұл дәріні саналы түрде қабылдайды.

Бұл дәрінің шипасынан гөрі, зияны көп екенін клиникалық тәжірибелер анықтады. Бұл дәріні ішіп алған адам агерссияға бой алдырып, жындынып, өзін-өзі өлтіруге дейін барады екен.

1965 жылы препараттың қолданысына тыйым салынады. Өкінішке орай бұл препаратқа одан сайын танымалдық әкелді. Сол жылдары жастар арасында нашақорлық, бұл дәріге тәуелділік одан сайын өрши түсті. Нашақорлық сөнге айналып, мәдениеттің бір бөлігіне айналды. Заты жаман препаратты Батыс елдеріндегі беткеуестар қоғам қайраткерлері насихаттай бастады. Хоффманнан бастап, жазушы, психолог дәрігерлер де қолдауды нысанаға алады. Сол дәуірдің жазушысы әрі психологы Тимоти Лари студенттеріне ескертпестен осы дәрілерді беруге дейін барады. Ағзадан тез-ақ шығып кеткенімен адам санасында өшпестей ізін қалдыратын бұл бәлекетті бір рет қабылдаған адамның санасы оны ешқашан ұмытпайтын көрінеді. Сондықтан оны қалау бәрінен басым болады.

Алюминий

Алюминийді алғаш рет Ганс Эрстед 1825 жылы ашты. Ал 1886 жылы алюминий алудың заманауи әдістерін Чарльз Холл мен Поль Эру жасап шығарды. Кәсіпорындық өндіріс тек XX ғасырда басталды.



Бүгінде алюминий нарығы болаттан кейінгі екінші орында. Жылына бұл жеңіл металлдың 40 млн. тоннасы өндіріледі. 1 тонна алюминийді өндіру үшін атмосфераға 40 кг жоғары токсинді фтор, диоксид сера, көмірсутек пен азоттың оксиді, ауыр металлдар тарайды. Адам ағзасына түскеннен кейін бұл заттар іріңді бронхит, өкпе қабынуы және басқа да ауруларды қоздырады. Жалпы металлдың өзінің еш зияндығы жоқ.

Тізім жалғасы

Адамзат игілігіне бола ойлап табылып, кейін адамзатқа зиянын тигізген өнертабыстар тізімі мұнымен біте қоймас.

Бүгінде ғаламда мамандардың мәлімдеуінше 700 миллион автокөліктер бар. Орташа есеппен, бір көлік жылына 4 тонна оттегіні жұтып алады, есесіне 800 кг



көміртек оксидін, 40 кг азот оксидін және 200 кг газдарды шығарады. ДДҰ бұл өнертабыс түрі адам өмірін 4 жылға қысқартады деп дабыл қаға айтады.

Күнделікті ұстап жүрген ұялы телефон да мамандардың айтуынша жөнсіз қолдана берсе қатерлі ісік, басқа да ауруларды тудырады. Сондай-ақ оны жасап шығару үшін су қоймаларына қоршаған ортаға зиянды зат – перфтороктанды қышқыл төгіледі. Әлемде қаншама су қоймалары уланып, қаншама су тіршілігіне зақым келеді. Мұндай оқиғалардың бірін білсек, бірін біле бермейміз.



Қоғамдағы өте жылдам дамып келе жатқан өзгеріс қарқынымен азық-түлік өндірісінің сапасы төмендеп келеді. Өндірістік дәуірмен бірге тағамның табиғилығы да төмендеді. Дамыған елдерде табиғи тағам өте тапшы. Тағам табиғилыққа жақындаған сайын қымбаттай береді. Өйткені өндірісті қолжетімді ету үшін арзан химиялық қоспаларды қолдану керек болды. Мамандардың зерттеуінше синтезді химиялық қоспалар балалар өнімдеріне көптеп қосылады екен. Мұның салдарынан адам денсаулығы күрт төмендеді, ауруларға қабілетсіздік артты.

PS. Заман тым жылдам қарқынмен дамып, бір қарағанда тұрмыс жеңілденіп келе жатқан сыңайлы. Баяғыдай әйелдер сиыр саумайды, тезек жасап, отын термейді, еркектер ағаш жарып, су тасымайды, мал бағып, жүйрік баптамайды. Тізе беруге болады, әрине. Тұрмыс әлдеқайда жеңілденді, кір жуып, қазан аңдып отырған әйелді бүгінде кір жуғыш машинелер мен мульти қазандар алмастырған. Айлық, сағаттық жолды қысқарттық, адамды табу да бүгін сөз емес. Сабылып жүріп, оның соңында жүрмейсің, телефон арқылы хабарласуға да болады. Бұл тұрмыстың өтеуі өте қымбат екенін өнертапқыштар, қолданып жүрген адамдар түсіне ме? Ауылда таза өнім жеп, таза ауа жұтып, қара еңбекпен айналысып жүргендерге қызығатын заман туды. Өйткені мұндай өмір салты адамға ұзақ өмір мен мықты денсаулыққа кепіл бола алады.

Жанар ӘБДІҚАЛИҚЫЗЫ



Ормамбет би өліп, қырық сан қырым, отыз сан үрім, он сан оймауыт, тоғыз сан торғауыт, он сан ноғай бөлінетінде, бүкіл ноғайлының елі жау келіп қалған екен деп, бір үріккен ала тайдан бүлініпті. «Алатай-дай бүлінді» делінген сөз сонан қалыпты.

Сол замандарда Қотан, Қоғам, Қондыкер, Қобан деген кісілермен Майқы деген би болыпты.

Майқы тоғыз ханды қолынан таққа отырған кісі дейді. Бұқардағы он бес азаншы азан айтатұғын мұнараны сол қырық ханның бірі жасатқан екен деседі. Қызыларыстанның бәйбішесінен ұл бала болмаған. «Қызыл аяқ» деген бір елді шауып, ат сауырына салып келген бір қызға аяқ салып, сонан сауысқанның аласындай бір бала ала туады. Бәйбіше өзінен тумай, тоқалдан туған балаға іштарлық қылып, қызғанышпен:

— Бұл балаңды балам деп сақтама, көзін жоғалт, қарашығын батыр. Мынау өскенде жұртыңды ала қылып ұстайды, еліңді ала тайдай бүлдіреді, — дейді.

Хан бәйбішесінің сөзімен қырық жігітке: «Мына баланы тапқан шешесін Сырдариядан әрі өткізіп қоя беріңдер. Өлсе өлсін, өлмесе өз бетімен қаңғып күн көрсін», — деп бұйрық беріпті. Бұлар Сыр суынан өтіп, Алатау, Қаратаудың алабынан аң аулап күнелтіпті.

Бала өз асын өзі тауып ішерлік болған соң, ешікіммен ісі болмайды, оны қырық жігіт далаға тастап кетеді.

Бала он екі жасында Майқы бидің баласы Үйсінге кез болыпты, бірақ оған бір ауыз тіл қатпайды, үн-түн жоқ қала береді. Үйсін үйіне барған соң Майқы биге: «Бір

ШЕШЕНДІК СӨЗ

МАЙҚЫ БИ МЕН АЛАША ХАН

ағаштың көлеңкесінде отырған жас баланы көрдім. Ай десе ауызы бар, күн десе көзі бар, көрген кісі қызығып, бір қасық сумен жұтып жіберерлік. Жалғыз айыбы тілі жоқ екен», — депті.

Майқы би ақсақ болғандықтан, өмір бойы арбамен жүреді екен және арбасына кісі жегеді екен.

— Мені балаға алып барыңдар, оны мен көрейін, — депті Майқы. Бала Майқы биді көргеннен-ақ орнынан ұшып тұрып:

— Ассалаумағалейкүм хан біткеннің қазығы, бұқара жұрттың азығы, — деп сәлем беріпті.

— Уағалейкүмссәлем, әмісе аман балам! Болайын деп тұрған ұл екенсің. Қолына алып, қараушының жоғынан кем болып тұр екенсің. Қолына алып, қараушының жоғынан кем болып тұр екенсің. Кел, балам, қасыма отыр, — деп арбасына мінгізіп, үйіне алып келді. Төрткүл ошақ қаздырып, төбел бие сойдырып, жоғарғы елді шақырды. Ала бие сойдырып, аймақ елді шақырып той қылады. Тойдан кейін: «Ердің ері, егеудің сынығы» деп қасына баласы — Үйсінді бас қылып, жүз жігіт қосып беріп аттандырады.

— Қаратаудан арман қарай асыңдар, Ұлытау, Кішітау деген таулар бар, Қаракеңір, Жездікеңір, Құдайберді деген жерге барып ірге тебіңдер. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен ел болуды, жұрт болуды ойлаңдар. Күндердің күнінде осы бала хан болады, сендер қарашы боласыңдар. «Хан әділ болса, қарашы табанды болса, қара жерден кеме жүргізеді», — деп, батасын беріп жөнелтеді.

Жүз жігіт Шу мен Сарысудан көктей өтіп, Ақтау, Ортауды айналып, Майқы бидің айтқан жеріне келеді. Ұйқы бұзып жылқы алды, күйме бұзып қыз алды. Көшкен елді көш-жөнекей алды, ерулі елді отырған жерінде алды. Өз алдына мал малданып, жан жанданып, үйлі-баранды бола бастады. Сатусыз дүние, қалыңсыз қалыңдық

алған соң, ел болмасқа немене, жұрт болмасқа немене?! Бұлардың мұндай болғанын баяғы Қызыларыстан хан естиді. Қотан, Қоған, Қоғам, Қондыкер, Қобан, Майқы билерге елші жіберіп: «Менің баламды жігіт-желең етіп желіктіріп жібергені не қылғаны? Баламды өзіме әкеп берсін, сөйтіп менен қалағанын алсын», — дейді. Сонан соң бұлар: «Сендер барып, шақырып келіңдер», — деп, Қотанұлы Болатты жүз жігітпен жібереді. Бұлар барған соң бұрынғы барғандар, өздерің де қайтаңдар, «қайт» деген сөзді бізге айтпаңдар», — дейді. Шақыра барған кісі де қайтап қалып қояды.

Қызыларыстан хан қайта-қайта кісі жібере берген соң Майқы би Қоғамұлы Алшынды бас қылып, тағы жүз кісі жібереді және «есеп-саны үш жүз он үшке жетсе, дүние жүзі жиылса да олардың күшіне шыдамайды» деп, оларға он үш ақсақал қосады. Бұлар да қайтап қалып қояды.

«Үндемесе де, үйден шықпаса да еңбек» дегендей, Майқы би үйде жатып-ақ жұмыс тындырып жатады. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген кісі осы екен.

Сонымен бұл үш жүз кісі: «Енді ел болғанымызды жұрт көзіне түсірейік», — деп баяғы ала баланы, алашаға отырғызып, Ұлытаудың басына көтеріп шығарып, хан сайлайды. Оған «Алашахан» деген ат қояды. Бастапқы бірге келген жүз жігіттің бастығының аты Үйсін болғандықтан оларды «Ұлы жүз Үйсін» деп атайды. «Оларды — Салықшы, жауға шапқанда бұлар шаппасын, тас-түйін болып тұрсын!» — деседі.

Ортада келген жүз жігітті басқарған Болатқожа болғандықтан бұларды «Орта жүз Ақжон» деп атайды. «Оларға тосқауылшы, ортада жүрсін» дейді.

Соңғы келген жүз жігіттің бастығы Алшын болғандықтан оларды «Кіші жүз — Алшын» деп атайды. «Бұлар алда жүрсін, жауға алдымен шабатын болсын», — дейді.

БҮГІНГІ КҮННІҢ ҚАҺАРМАНЫ

«ЖАСЫЛ ЕЛДІН» ҮЗДІК САРБАЗЫ

«Бүгінгі күннің қаһарманы» айдарының алғашқы қонағы 2014 жылдың қазан айының басында өткен студенттік құрылыс және «Жасыл Ел» жастар жасақтары арасындағы «Жасыл Елдің» үздік сарбазы» байқауында «СҚЖ Үздік сарбазы» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті агротехнологиялық факультетінің студенті Сағынтай Ернұр.

Сағынтай Ернұр — «Мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу технологиясы» мамандығы бойынша білім алып жүрген Павлодар мемлекеттік университетінің 3 курс студенті. Ол бүгінде С.Торайғыров атындағы ПМУ Студенттік ректоры, Павлодар мемлекеттік университеті кәсіподағының спорттық-сауықтыру комиссиясының өкілі. Ол жастар мен университет, деканат арасында байланыс орнатуда ұйымдастырушылық қабілетін байқатып келеді.

Сағынтай Ернұр қоғамдық және университеттік жұмыстарды белсенді атқарумен қатар, спортта, оқуда, ғылым жолында да жауапкершілік танытып, жетістіктерге жетуде.

С.Торайғыров атындағы ПМУ қабырғасында өткен көптеген байқауларға қатысып, университеттің өміріне белсене атсалысып, өзін тек жақсы жағынан көрсетуден танған емес. Әдеби кештерде өзінің шығармашылық қабілетімен көзге түсіп, «ПМУ

сұлтаны» байқауында парасаттылығын байқатты.

Тұңғыш Президент күніне орай ұйымдастырылған спорт сайысында үстел теннисі бойынша 3 дәрежелі дипломмен, XIV Сәтбаев оқулары халықаралық ғылыми конференция жұмысына белсенді араласқаны үшін алғыс хатпен марапатталған.

Мұнымен қоса, Сағынтай Ернұр 2013 жылдан бері «Жасыл Ел» қозғалысының белсенді мүшесі, СҚЖ белсенді сарбазы. 2013 жылы Павлодар облысының студенттік құрылыс және «Жасыл Ел» жастар жасағы штабы Сағынтай Ернұрға алғыс хат табыс етіп, жас құрылысшыны құрылысшылар күнімен құттықтап, факультет деканы мен Ернұрдың ата-анасына өнегелі де еңбекқор баланы тәрбиелегені үшін алғыс жаудырды.

Ол жас құрылысшылар жасағындағы еңбегі үшін бірнеше рет қаржылай мара-



патқа да ие болды. Оның табысты еңбегі турасында «Сарыарқа самалы» газетінде «Студенттер өздеріне үй тұрғызуда» атты мақаласы жарияланды. Сондай-ақ, ол радио-теле бағдарламаларда «Жасыл ел» жасақтарының қызметі туралы сұхбаттар беріп, жасақ жұмысының маңыздылығын белсене насихаттауда өлшеусіз шаруалар атқаруда.

«Жасыл Ел» жасағындағы табысты еңбегінің арқасында ол Астана қаласында өткен Республикалық IV «Жасыл Ел» еңбек маусымының жабылуының салтанатына қатысып келді. Бүгінде «Жасыл Ел» облыстық штабының басқа да сарбаздарымен бірге концерттік бағдарламамен Павлодар облысын аралап, «Жасыл Ел» насихаттық жасағында табысты қызмет етуде.

АТА САЛТ

«Ата салтың — халықтық қалпың» демекші, өз жұртының қадір-қасиетінен мәлімет беретін ғұрып қасиетпен, оған мейлінше құрметпен қарау — ұлтымызға, елдігімізге сын. Тыңдар құлаққа, көрер көзге, сезінер жүрекке танымал, басқа елдерде жоқ дәстүр өрнектері, ортақ мұралары, тұрмыс-тіршілігіндегі керемет салт-ғұрпы мақтаныш сезімін тудырып, жұртшылықты жалпы отаншылық пен елжандылыққа тәрбиелеуде маңызды міндет атқармақ.

Құрметті оқырман! Сіздерге газеттің әр нөмірінде қазақтың салт-дәстүрінен хабар беріп отырамыз.

ТОЙ МАЛЫ

«Жүз жылқы той малына кетіпті» (М.Ж. Көпеев). Келін алуға келген қадірлі құдалар ел дәстүр салты бойынша сән салтанатымен, жөн жосығымен келіп түседі. Бұл жолдың кәде жоралары да көп болады. Соның ішінде ең басты кәдесінің бірі осы топқа арнайы әкелген «той малы» деп аталатын жолды дәстүр. Бұған әр құда өз дәулеті мен шамасына қарай жылқы немесе бірнеше қой әкеледі. Күйеудің абырой, беделі осы кәдеге де байланысты болады. Бұған қымбат мата, бұйым, жеміс, қант, шәй да қосылады. Әкелген мал арқылы құдалар қыз әкесінен, атасынан немесе сол ауылдағы жолы үлкен ақсақалдан бата тілейді. Батадан кейін әлгі мал сойылып, тойға жиналғандар одан ауыз тиеді. Той малы толымсыз болса қыз жеңгелері құдалардың бетіне басады. Сондықтан да «той малының» мүшесі түгел әрі семіз болуы қатты қадағаланады.

КҮЙЕУАЯҚ

Жігіт қалыңдығын алғаннан кейін әдеп бойынша енесін қошаметпен өз үйіне апарып салады. Ата енесі күйеу баласына ірі мал атайды. Мұны «күйеуаяқ» дейді.

ТҮЙЕМҰРЫНДЫҚ

Ұзатылып жатқан келіншек көшінің жолында отырған ауылдың адамдары (жастары, әйелдері) керуен атының ноктасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады.



ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫСЫ КЕЛГЕН ЖАСТАР НАЗАРЫНА!

Құрметті мектеп оқушылар, колледж және ЖОО студенттері, қала жастары!

Егер Сіз қаламды серік етсеңіз, журналист болуды армандасаңыз, болашағыңызды осы мамандықпен сабақтастырамын десеңіз, «SMS+» жастар газеті Сізді жан-жақты әріптестікке шақырады! Біздің мақсат — талантты, талапты, ізденімпаз, белсенді, қоғамның тынысына бей-жай қарай алмайтын жастарға қолдау көрсету. Біздің редакция қызметкерлері Сіздерді кәсіби тұрғыдан білім, біліктіліктеріңізді арттыруға көмек береді. «SMS+» газеті арқылы Сіздер мамандықтың алғашқы баспалдақтарынан өтесіздер. Бізге ынтылаы, жалынды жастар, болашақ журналистер керек. Мектеп оқушыларын, колледж бен ЖОО студенттерін «SMS+» жастар газеті тілшілігіне шақырамыз. Сіздерді С.Торайғыров атындағы ПМУ 427-А кабинеті, «SMS+» жастар газетінің редакциясында және Медиаорталықтың 230 кабинетінде күтеміз. Байланыс телефонымыз: 67-36-48.

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая
Тілшілер: М. Амантай,
А. Тилей, Ә. Абетжанова,
Н. Рабилова.

Ақылдастар алқасы:
Қ. Алдабергенов, Ж. Бижан,
А. Тойшыбайұлы, А. Эсеналиева.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г күәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 2379